



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университетінің ғылыми журналы  
Научный журнал Павлодарского государственного  
университета имени С. Торайғырова

---

1997 ж. құрылған  
Основан в 1997 г.



İ Ì Ó  
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ  
ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÃÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

**3** 2014

---

---

<b>Ибраева А. Б.</b>	
Қазақ және поляк халықтарының тілдік мәдени тұрғысынан әрекеттестігіндегі түркі тілдерінің ролі .....	134
<b>Қадыров Ж. Т., Таласпаева Ж. С.</b>	
Поэтикалық мәтіндегі «өмір» концептісінің танымдық табиғаты .....	144
<b>Қуразова К. И., Әбішева К. М.</b>	
Түр-түсті білдіретін сөздердің символикалық мәні .....	150
<b>Мажит З., Сарсембаева А. Б.</b>	
Қазақстандық аударматану және аударматану мамандарын даярлау мәселелеріне қатысты .....	156
<b>Мерғалиев Д. М.</b>	
Музыкалық халық аспаптары мен қазақтың фольклорлық - мифологиялық мұрасы .....	163
<b>Рақымжанов Қ. Х., Ақошева М. Қ.</b>	
Тілдік тұлғалар-мәдени билингвизм иеленушілерінің аударма ісіндегі фразеологиялық калькілеу .....	167
<b>Рахымов Б. С.</b>	
Қазақ фольклорындағы Баянауыл туралы аңыз бен ақиқат .....	174
<b>Сафарғалиева А. Ы.</b>	
Орыс тіліндегі мағыналас атрибутивтік конструкциялардың грамматикасы жайлы .....	180
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b>	
Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация мәселесі .....	184
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b>	
Сынданған зат есімдер туралы .....	191
<b>Сизов Д. В., Жакупова Ш. С., Бурмистрова В. А.</b>	
Ағылшын тіліндегі әлем көрінісінде «жан» концептісінің құрылымын зерттеу .....	203
<b>Тлеубердина Г. Т., Батырғалиева Г. Т.</b>	
Қазақ және орыс тағам атауларының тілдік сипаты .....	211
<b>Тоқсамбаева А. О.</b>	
Түркі фольклоры және Мәшһүр Жүсіп .....	216
<b>Шахметова Н. А., Нукенов К. К.</b>	
Қазақ және орыс тілдеріндегі «Жылқы» / «Лошадь» лексико-семантикалық құрылымы .....	222
<b>Шахметова Н. А., Шамшиден Н. А.</b>	
Жалқы зат есімдер мәдени мәтін ретінде .....	228
<b>Шахметова Н. А., Шинагулова Д. Н.</b>	
Қазақ дүниетанымындағы «тау» концептісі .....	233
<b>Шоманова Г. К.</b>	
Дуаналық және постмодернистік демифологизациясы / Вен. Ерофеевтың Ленинианасындағы деконструкциясы: оксюморон, лебіз, түсінік мәдениеттік субмәтіннің құрамының бөлігі сияқты .....	240
<b>Рахымов Б. С.</b>	
Кеңістіктің тарихи жырлардағы көркем берілісі .....	250

<b>Сүйінова Г. С.</b>	
Этникааралық қарым-қатынастағы деструкциялы көріністер .....	263
<b>Қадырова Б. М., Кәріпжанова Г. Т., Кәріпжанова А. О.</b>	
М. Әуезовтің «Абай Жолы» роман-эпопеясындағы ұлттық кинемалар сипаты .....	270
<b>Қадырова Б. М., Кәріпжанова А. О., Кәріпжанова Г. Т.</b>	
Тұрысбек Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім .....	277
Біздің авторлар .....	284
Авторлар үшін ереже .....	289

G. S. Suyunova

### Destructive phenomena in interethnic communication

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 30.07.14.

*Мақалада этникааралық қарым-қатынасқа негативті ықпал ететін құбылыстар қарастырылады.*

*In this article the author examines the negative effects that prevent successful interethnic communication.*

ЭОЖ 81`38

**Б. М. Қадырова, Г. Т. Кәріпжанова, А. О. Кәріпжанова**

### **М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИНЕМАЛАР СИПАТЫ**

*Мақалада М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы бейвербалды амалдар қарастырылады.*

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар мәселесі М. Мұқановтың, Ә. Қайдардың, Қ. Қажығалиеваның, Ж. Өмірәлиеваның, Э. Оразалиеваның еңбектерінде баяндалады. М. Ешимовтің “Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты” атты зерттеуі бейвербалды амалдардың ерекшелігін, ұлттық сипатын жан-жақты танытатын ғылыми еңбек болып табылады [1]. Б. Момынова мен С. Бейсембаева сынды ғалымдардың құрасырылуымен жарияланған ым мен ишараттың сөздігі бейвербалды амалдарды тануда маңызы зор зерттеу болады [2].

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар М. Балақаевтың зерттеу еңбегіне де нысана болған. Ғалым бейвербалды амалдарды сөйлеудің қосымша амал-әрекеті ретінде көрсетіп, мынадай анықтама берген: “...Сөйлеу әр уақытта сөйлеу жағдайында өтеді: дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым, нұсқау, қол көтеру, көз қысу, бас изеу, күле, ызалана... сөйлеу, бәрі – ойды дәл жеткізе айтудың қағазға түсе бермейтін қосымша амал-әрекеттері” [3,86].

Біз ғылыми мақаламызда бейвербалды амалдарды зерттеген ғалымдар еңбектерін негізге ала отырып, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ұлттық кинемалардың мол қолданғандығын талдауды мақсат еттік.

«Абай жолы» романы тілін қарастыру барысында жазушының бейвербалды амалдарды шеберлікпен ұтымды кең көрініс тапқандығына көз жеткіземіз. Жазушының көркем тілі белгілі бір оқиғаны оқырман сезіміне әсерлі, бейнелі етіп жеткізеді. Сол әсерлілік пен бейнелілік түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сондай амалдардың бірі – көркем бейне жасаудағы бейвербалды амалдардың қызметі. М. Әуезовтің шығармалары осындай бейвербалды амалдарға бай. Жазушы бейвербалды амалдарды пайдалана отырып, өзінің стильдік шеберлігін шыңдайды. «Абай жолы» роман-эпопеясында кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, психологиясы бейвербалды амалдар арқылы ашыла түседі. Кейіпкерлердің жан дүниесін, характерін, ішкі күйзелісін бейвербалды амалдармен, яғни, ым-ишаралармен аша білуінен автордың шеберлік мектебінің ауқымдылығын байқауға болады.

Ұлы жазушы қаһармандарының ашу-ызасын оның кимыл-әрекеті арқылы білдіре отырып, ашудың қатты немесе қайтымы тез екендігін де аңғартуға болатындай бейімдеген. Мысалы кейіпкердің қатты ашуланғанын мына кимыл-әрекетінен танылады: «Қолындағы аса таяғымен жерді қатты түртіп қалды» («Абай жолы», 31), «Қып-қызыл боп тұтана» («Абай жолы», 32), «дүрс қоя берді» («Абай жолы», 32), «екі көзі қанталап ұмтыла түсіп» («Абай жолы», 32), «булыға қайнап» («Абай жолы», 107)

Мысалы мына үзіндіде кейіпкердің ашуымен қоса ұнатпау, жек көру эмоциясы қоса өріледі: «Кірпіксіз суық көкішіл көздерін Сармоллага қатты жиренипен қадап тұрды» («Абай жолы», 32), «тістеніп, қырылдай түсті» («Абай жолы», 137), «қабаған төбеттің ырылындай ашу айтты» («Абай жолы», 137), «оқтай атып қалды» («Абай жолы», 186), «қанын ішіне тартып алды» (110), «қырыс қабағын суыта жауып, түйіп алыпты» («Абай жолы», 239), «демiгiн баспаған, ашуы алқымына тығылған» («Абай жолы», 255), «бойындағы үнсіз қатты ашудан бетінің түктері бозарып шыққа» («Абай жолы», 262), «тамағына жас тығылғандай, ызалы жас түйіліп тұрып қалды» («Абай жолы», 262), «жер-жебіріне жете, ызалана соқтығысады» («Абай жолы», 74), «ызалы көңілі ширығып отыр еді» («Абай жолы», 74), «тіксініп қалды» («Абай жолы», 47), «тістерін соған барынша басулы» («Абай жолы», 62), «қапалық ызада, демі құрығандай қиналуда болатын» («Абай жолы», 73), «қабақ түйіп, екі көзі қанталай түсіп» («Абай жолы», 83), «тістене тұрып зіл тастады» («Абай жолы», 109), «ызамен құса боламын» («Абай жолы», 125), «жаағын тістеп, қалың қабағын, түксите түйіп алды» («Абай жолы», 238), «қатуланып, ұрыса сөйледі» («Абай жолы», 334), «қабағын түксите, суық қарап тұрды» («Абай жолы», 357).

«Абай жолы» романында кейіпкердің ашу ызасы оның бүкіл болмыс бітімінен аңғарылады:

«Шұбар сөз қатпаса да ызаланып, Көкбайға салқын көз тастап, сырт айналып, атына міне берді» («Абай жолы», 11 б). Шұбар ашуы – «сырт айналу» қимылы мен қоса көз соматикасы арқылы берілген.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөліп қарастырар болсақ, адамның дене мүшелерінің қатысуымен түрлі эмоциялары берілгенін көреміз.

Бас кинемасы түрлі мәнді білдіреді. Келісу, келісім бермеу, қарсы болу мәнін білдіруде үнемі жұмсалса, кейде налу, ренжу, шарасыздықты білдіреді.

*Әрқайсы да осы ойдың соңында еді. Үндемей салбырап кете барысты* («Абай жолы», 12 б).

*Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, аз ойланып, бас шайқады* («Абай жолы», 13 б).

Бірінші мысалда, шарасыздық, өкініш қоса берілсе, екінші мысалда келіспеу мәнінде жұмсалғандығын байқаймыз.

Жазушы шығармаларында қабақ соматизміне байланысты мынандай кинемаларды кездестіруге болады: қабақ шыту, қабағын кіржиту, қабағын түю: ашулану, ренжу, көңілі томау.

*Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды.* («Абай жолы», 6 б). Мәтіндегі баяндалған оқиғаға кейіпкердің реніш, өкініш, жиркену сезімдерін «қабақ» кинемасы арқылы жеткізген.

Жалпы бейвербалды амалдың ең жиі қолданылатыны көзбен байланысты. Адамның сезім мүшелерінің ішінде көздің қызметі ерекше маңызды. Мысалы, көзін төмен түсіру- ұялу; көзінің астымен қарау – сенімсіздік таныту; көзімен ымдау, көзін аларта қарау”, “көзі алау”, “ала көзімен қарау” – ашулану; т.б.

*«Үлкейіп, алақандай болып кеткен қап-қара көздерінен кесек-кесек жас тамшылайды».* Көздің үлкеюі – қорқыныш, үрейді білдіреді.

«Абай жолы» романында адыраюу, одыраюу, бажыраюу, едіреюу, ажыраюу сияқты сөздер де адамның әр түрлі эмоциясынан хабар береді.

*Бөжей Құнанбайға ажырайып, тіксіне қарап еді, аямас түсі айқын екен* («Абай жолы», 18 б).

Сонымен қатар жазушы шығармаларында кездесетін “көзін аларта қарау”, “көзі алау”, “ала көзімен қарау”, “көзін алақ-жұлақ ету”, “ала көзімен ату”, «оқтай қадалу» сияқты сөз тіркестері де кейіпкердің ашу, ыза сияқты эмоциясын дәл суреттеуде ұтымды пайдаланылған.

*Құнанбайға сыр алдырмай, салқын қарап отырған Байсал:*

– Қара деп жазалған күнде мұның жазасы не болмақ?-деп еді...

*Салқын қарау-* жақтырмау, жақтамау, қостамау мәнін білдірген.

*Жиын ортасында, жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:*

– Уай, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз бе еді? Бұ не қырсығың?...

– Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет?!- деп қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады

*Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да:*

– Арысыңды енді арыстан жеді,-деп сырт айналып кетті.

Қаламгер шығармаларында кездесетін адам көзқарасын бейнелейтін сөз тіркестері кейіпкерлердің психикалық жағдайының, басқа адамдарға қатынасының индикаторы ретінде қызмет атқарады.

*Зере мен Ұлжан да Абайға осындай сұраулар беріскен жүзбен бұрыла қарасты.*

*Абай әкесіне үнсіз көз салып еді, үндемей түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен.*

*Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады.*

– Көріп, біліп келдік. Кәмишат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлыө жанды...не айтайын?-деп тоқтап қалды.

*Құнанбай оқыс бұрылып, Абайға суық қарады да үндемеді.*

Микромәтіндегі қарау түрлері уайым мен қайғыны білдіріп, кейіпкерлер жүзіндегі қиналысты берген.

Зеренің ашуы, қиналысы, қарсылығы көз соматизмінен жасалған кинема арқылы шебер жеткізілген:

*«Қорқытпа келіндерімді! О, несі? – деп қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады...»*

*Зере Құнанбайға әлі де қадала қарап, түйіліп құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті».*

Сонымен, «Абай жолы» романында: тіксене қарай қалды (7), қадала қарап (11), үлкен жаудыр көздерін жалт еткізе ойлана бір қарады (12), оқтала қадады (110), жымыя қарап (128), егесе қарады (278), ыстық тарта қарады (296), барлай қарады (302), айықпай қадалып (348), жоғарыдан шаншылып, сүзе қарап қалыпты (356), қабағын түксите, суық қарап тұрды (357), аңыра қарап қалыпты (366) т.б. қарау түрлері қаһарман эмоциясын дәл де ұтымды беруде қолданылған бейвербалды амалдар екенін көреміз.

Ерін, ауыз соматизмімен ашулану, ұялу, жақтырмау, қызғану, мазақтау, келемеждеп күлу, өкпелеу, қиналу, таңғалу т.б. сезімдер аңғарылады.

Мысалы, Сондай қартаңдау, ысқаяқ жеңге болып, түсін өзгертіп, ерін сылл еткізген. Және бетін жырттып, сығырайып тұрып:

– Омай, шикін, о несі екен! «Жігітім» деп, «қара қазақтың асылы» деп. О немесі Абайдың әнебіреу қырыққан борбайланған солдат баласы ма, бетім-ау! (Абай жолы). Ерінін сылл еткізу – жақтырмау мағынасын берген.



Ерін соматизміне байланысты кинемалар ұнатпау, жақтырмау мәнін де береді. Мысалы, *Қостағы жылқыға кісі жіберіп, ат ауыстырам деп осында оралып ем, жүргелі отырмын! Абай жақтырмай ернін шүйірді* (Абай жолы).

Ерін және ауыз соматизмі арқылы жасалған аузын шылып еткізу, ернін шылып еткізу кинемалары әр түрлі ұйыспалы (диффузиялы) дыбыстардың көмегі арқылы жасалады. Қ. Жұбанов: “Аузын шылып еткізу, аузын быртылдатулар дыбыс пен ымды қосып ұстаған синкретизм түрі. Мысалы, аузын шылып еткізгенде еріндері “в” дыбысын шығарады, тілі “д” дыбысын шығарардағы қалыбында болып, дереу іштен келген ауа тілді тіс түбінен, еріндері бір-бірінен айырып шығады. Жалғыз айырмасы “в” мен “д” бірден шығады және еріндері бір-бірінен тегіс көтеріледі (сондықтан шылып етеді), “в”-ны шығарарда ортасы ғана ашылады. Аузын быртылдатқанда еріндер алдымен “п” дыбысын шығарады да, аз мезгіл “ұ”-ны шығарардағы қалыпта тұрып, сонан кейін қос ерінді “ұ” дыбысын, ақыр аяғында “т” дыбысын шығарады. Бірақ бұларды сондай тез тізіп өтеді, барлығы қосылып кетеді. Міне, бұл дыбыстар нығыз тіл дыбыстары. Бұлар адам мен адам арасында ғана жүреді. Сөйте тұрса да бұларды фонетика тексермейді, өйткені бұлар дыбыс тілінің дыбыстары емес, ым тілінен қалған жұрнақтар”, - дейді [4,41].

Адам жүзінде байқалатын психосоматикалық процестер де мимикаға жатады. Өйткені, беттің қызаруы арқылы адамның ұялғанын, өңінің бозарып кеткендігінен қорыққанын байқауға болады.

Ымдау, бір нәрсені мақұлдата сұрау. Мысалы, *«Байтас бұған күліп, енді ірілене қарап:*

*– Не бетімді айтушы ем? Сорлы қатын алыстан әнмен арыз айтып жатқанға шыдасын ба? Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр,-деп Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды.*

*Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті (20 б)*

Иегі кемсеңдеу: көңілі босау:

*– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме!... иегі кемсеңдеді.*

*Бірақ үй ішінің қаттылығын осы жаңа келген жандарға шаққандай боп, кемсеңдеп, иегі дірілдеп, біртүрлі әлсіз үнмен тағы жылады.*

Қол соматизміне байланысты кинемалар да жиі қолданылады. Құптау немесе келіспеу, ашулану, жақсы көру, амандасу т.б. бейвербалды амалдар қол соматизмі арқылы беріледі. «Абай жолы» роман-эпопеясына үңілсек:

*«Оң қолымен ишарат қылып, түйені шөггер деп бұйырды». Істі тоқтат, доғар деген белгі ретінде жұмсалған.*

*Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап: «Доғар!» дегендей ишарат қылды. Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс.*

«Қазақ халқының салт-дәстүрінде, сана-сезімінде, жалпы күнделікті қарым-қатынасында “түкіру” кинамасының бірнеше түрі қалыптасқан.

Мысалы, біріншіден – жұмысқа құлшына кірісу үшін жасалатын кинема. Ауыр жұмысты істер алдында, алдымен құралды қолына алардан бұрын, алақынына түкіріп алатын әдет бар. Бұл әдетті көбіне, ер адамдар қолданады. Сонымен қатар бұл кинеманы ер адамдар күреске шығар алдында да жиі пайдаланады. Екіншісі – ашуланған, ыза болған кезде қолданылатын кинема. Салт-дәстүр, наным-сенімдермен байланысты “түкіру” кинемасы күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады. Бұл әйел адамдар қолданысында кең жайылған – жақсы затқа, жақсы адамға көз тимес үшін жасалатын ырым» [5].

«Абай жолы» роман-эпопеясында «түкіру» - қорлау, масқаралау мәнін беру мақсатында жұмсалғанын көреміз:

«Артынан Сүйіндік осы сөздің мәнісін сұрғанда:

Келінімен жақын екен осы кәпір... Маған не қыл дейсің? Қасыма алып жүрсем, ертең бетіме түкірмеймісің?-деп ақталған-ды. («Абай жолы», 27 б).

М. Әуезов шығармаларында адамның қабағын түюі – ренжудің; бетін, маңдайын, мұрнын тыржитуды – жақтырмаудың, риза болмаудың; ернін тістелеу – өкініштің; тілін, төменгі ернін шығару – жақтырмау және келемеж қылу, мазақтаудың; кірпіктің дірілдеуі – ұялғандықтың; тісті шықырлату – ыза болғандықтың; ернін бұртиту – өкпелеудің символы ретінде қолданылып, жеке адамның мінез-қырынан, жағымды-жағымсыз қасиеттерінен хабар беріп отырады.

Қазақ еліне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына тән қасиет ер адамға, әкесіне, әкесі мен атасы қатар тұрса, атасына, яғни жасы үлкен адамға бірінші амандық беру қажеттілігі сақталған. Мысалы қазақ елін әлемге танытқан «Абай жолы» эпопеясын алайық, қазақ қоғамының барлық қыры мен сырын жан-жақты ашып көрсеткені белгілі. Сонымен бірге, қазақ халқының өмірі мен тарихы ғана емес, әдет-ғұрпы рухы сайрап тұрғандығы анық. Мысалы, романның бас кейіпкері Абай оқудан ауылын сағынып, тезірек жетуге асыққан бала, еліне оралған сәтте, алдынан шыққан анасы Ұлжанның бауырына кіріп кетпек болады. Анасы қатқыл үнмен: «бар, бірінші үлкен үйдегі әкеңе сәлем бер», - дейді. Өкені құрмет тұту, ер адамды құрметтеу т.б. ұлттық салт-дәстүр жатыр. Демек, жазушы қаламына тән осындай амал-тәсілдердің қолданылу табиғаты мен қыр-сырын ашу қаламгердің тілдік ерекшелігін танып білуге әсер етеді. Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, шығарманың танымдық-тағылымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілсіз қатынасты жете меңгеруге жол ашады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Ешимов, М. П.** Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филол. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы : әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2004. - 140 б.

2 Момынова, Б., Бейсембаева, С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. - 132 б.

3 Балақаев, М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы : Қазақстан, 1965. - 187 б.

4 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. - 581 б.

5 Нұрсұлтанқызы, Ж. О. Бөккеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар. филол. ғыл. канд. ...дисс: 10.02.02. – Алматы : 2006. - 128 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 17.07.14 редакцияға түсті.

*В. М. Кадырова, Г. Т. Карипжанова, А. О. Карипжанова*

**Национальные свойства кинем в романе-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая»**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 17.07.14.

*В. М. Kadyrova, G. T. Karipzhanova, A. O. Karipzhanova*

**National properties of kinemas in the novel-epopee M. Auezov «The path of Abai»**

S. Toraihyrov, Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 17.07.14.

*В данной статье рассматриваются невербальные коммуникации в романе «Путь Абая» Мухтара Ауэзова.*

*This article discusses non-verbal communications in the novel «The Path of Abai» by Mukhtar Auezov.*

ӘОЖ 821.512.122

**Б. М. Қадырова, А. О. Кәріпжанова, Г. Т. Кәріпжанова**

**ТҰРЫСБЕК СӘУКЕТАЕВТЫҢ «АЙ ҚАРАҒҒЫСЫ»  
РОМАНЫ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК  
ШЕШІМ**

*Мақалада Т. Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім қарастырылады.*

Тұрысбек Сәукетаевтың «Қилы тағдыр» деген романдар топтамасы тоқсаныншы жылдардың соңына қарай жарық көрді. Топтамадағы алғашқы роман «Ай қараңғысы» деп аталады. Романда Желтоқсан оқиғасына байланысты тарихи шындық көркемдік шешімге негіз болған. Романның отыз бес тарауында Желтоқсан көтерілісінің басталауынан бастап барлық оқиғалар көркем бейнеленеді. Романда көтерілістің шығу себептері:

*– Жігіттер, өздерің де радиодан естіген шығарсыңдар, бүгін Қонаевты орнынан алып тастады! – дейді қаралы хабар естірткендей қамығып. – Орнына қайдағы бір орысты қойды. Қазақ табылмағандай бұл не қорлаганы. Басқа республикалардың бәрінде Бірінші басшы – жергілікті ұлт өкілі. Бізді басынып отыр. Өстіп кеудемізді басқызып қоямыз ба, намысымыз қайда? Ел екенімізді білдірейік Алаңға шығып, пленум шешіміне қарсымыз дейік. Қазір жариялылық пен демократия заманы, неге конституциялық правомызды пайдаланбасқа. Бізді Димекеңнің адамдары жіберіп отыр. Басқа қазақ басшылары да наразы. Қорықпаңдар. Қазақ жастарының бәріне айтыңдар, митингке шықсын!.. («Ай қараңғысы»).*

Бұл көтеріліске ұйымдасудың баяндалатын тұсы. Күн кешкіріп қалса да алды-артын ойламайтын қызба жастардың алды дүрлігіп алаңға барады. Бірінші күні екі жүздей адам жиналады. Ертеңінде де күн шыға жұрт ән айтып, ұрандап топ-тобымен алаңға тағы жинала бастайды. Бірер сағаттың ішінде алаң лық толады.

*«Кешегі Пленумның шешімін қазақтың намысын таптау, бізді халық ретінде менсінбеу деп білемін!», «Қайдағы бір облыстың хатшысын неге Қазақстанның басшысы ғып қоя салады?», «Жеті миллион қазақта бір азамат жоқ дегендері ме? Бұл не басыну!»* деген сияқты пікірлер жан-жақтан айтылады. Қазақ жастары бейбіт шеруге шығады. Бірақ республиканың және орталықтың партиялық-бюрократиялық құрылымы тарапынан ол экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп бағаланғаны белгілі. Қазақ жастарының әрекеті «Қазақ ұлтшылдығы» деп айыпталады. Ал жастардың шеруге шыққандағы талаптары – билік басында қазақтың